

**Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атырау облыстық кәсіподақ ұйымының «Жаңа Қазақстан – Жаңа кәсіподақ» атты дамыту Тұжырымдамасы тұрғысында кәсіподақ активі оқуының тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысы туралы ақпарат**

Кәсіподақтың Орталық комитеттің басымды жұмыс бағыттарының бірі кәсіподақ кадрлары мен активін оқыту болып табылады. Мақсатты бағытталған және жүйелі оқыту кәсіподақтағы мүшелікке саналы қатынасты қалыптастырып, жұмыс жасайтындардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың тиімді нысандары мен әдістерін жасауға септігін тигізеді.

Кәсіподақ оқуының жағдайы кәсіподақ қозғалысын дамыту тенденциясымен байланысты және еңбек адамын әлеуметтік-экономикалық қорғаудың тиімді қолданыстағы институты ретінде кәсіподақты нығайтуға ықпал етеді.

2022 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитетімен бектіліген жұмыс жоспарына сәйкес Орталық комитеттің өкілдері – Ернар Иманбаев пен Айдарбек Бектабанов «Атырау облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі аппаратына әдістемелік-тәжірибелік көмек көрсету және Атқару комитетінің күн тәртібіне сәйкес кәсіподақ оқуының жұмысы жөнінде ақпарат әзірлеуге іссапарға жіберілді.

Іссапар барысында Орталық комитеттің заңгері А.Ж. Бектабанов Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы активімен кездесіп, құқықтық мәселелер жөнінде қоғамдық бақылау жүргізді. Сонымен қатар, Орталық комитеттің өкілдері Атырау облысының аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасымен кездесіп, білім саласы қызметкерлерінің әлеуметтік кепілдіктері жөнінде мәселелерді көтеріп, оларды облыстық үштарапты комиссия отырысында және Атырау облысының Мәслихаты деңгейінде қарастыруды ұсынды.

Атырау облыстық кәсіподақ ұйымының «Жаңа Қазақстан – Жаңа кәсіподақ» атты дамыту Тұжырымдамасы тұрғысында кәсіподақ активі оқуының тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысы бойынша соңғы 3 жыл ішіндегі мәліметтер қарастырылды (2020-2022) және Атырау облыстық, Атырау қалалық және Индер аудандық ұйымдарының жұмыстарымен, құжаттарымен таныстық.

2023 жылғы 1 қаңтарға сәйкес «Атырау облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі өз құрамында 10 филиалдан және 419 бастауыш кәсіподақ ұйымынан тұратын 31 450 кәсіподақ мүшесін құрайды.

Облыстық аппаратта кәсіподақ оқуына жауапты маман – Айбусынова Ю.А.

Істер номенклатурасы толық және тиісті индекстермен нөмірленген. Кіріс, шығыс журналдары бар, талапқа сай жүргізіледі. Әр лауазым бойынша

лауазымдық нұсқаулықтар бекітілген. Өкімдер мен өкімдерді тіркеу журнал Ережеге сай жүргізіледі.

Облыстық кәсіподақ ұйымының кеңсесінде Конференцияның, Комитеттің, Атқару комитетінің хаттамалары бар және ресімделген. Ресімделу жөнінде ұйымдастыру жұмысы жөніндегі маманға ескерту жасалып, қалыпқасейкестендіру жұмыстарын жүргізу туралы ұсыныс берілді.

Статистикалық есепке сәйкес соңғы 3 жылда (2020-2022 жж.) 17 939 бастауыш кәсіподақ ұйымдарының және филиал төрағалары кәсіподақ оқуымен қамтылды (2020 ж. – 120 адам, 2021 ж. – 17 500 адам, 2022 ж. – 319 адам). Пандемия барысында облыстағы кәсіподақ белсенділері дәстүрлі оқумен, көшпелі, сонымен қатар онлайн форматтағы оқумен де қамтамасыз етілді.

Кәсіподақ оқуының жоспары міндетті түрде облыстық апараттың жылдық жоспарына енгізіліп, Атқару комитетінің отырысында жыл сайын бекітіліп отырады. Жұмыс барысында Кәсіподақтың Атқару комитетімен 2020 ж. 15 сәуірдегі бекітілген «2020 жылға арналған кәсіподақ кадрлары мен активін оқытуды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтары» және 2020 жылы 25 қарашадағы бекітілген «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының оқу орталығы туралы ережені» негізге алып пайдаланған.

Жұмыс жоспарына сәйкес Атқару комитетінің отырыстарында кәсіподақ оқуы туралы мәселелер келесі тақырыптар төңірегінде қарастырылған:

2020, 2021, 2022 ж.ж. – «Атырау облыстық ұйымының кәсіподақ кадрлары мен активін оқытуды ұйымдастыру туралы және кестесін бекіту»;

2020, 2021 ж.ж. – «Әлеуметтік әріптестік туралы келісім бойынша семинар өткізу»;

2020, 2021 ж.ж. – «Қаржы қызметкерлерімен семинар өткізу»;

2021, 2022 ж.ж. – «Аудандардағы бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағаларына көшпелі семинарлар өткізу және кестесін бекіту»;

2021 ж. – «Келісу комиссиясының мүшелерін оқыту»;

2022 ж. – «Бастауыш кәсіподақ ұйымдары мен филиалдардың төрағаларына қаржылық жұмыс жөніндегі әдістемелік семинар өткізу»;

2022 ж. – Атырау облысы білім беру басқармасымен бірлесіп «Жұмыс берушілерге арналған құқықтық семинар».

2023 жыл – Қауіпсіз еңбек жылы аясында Атырау облыстық еңбек инспекциясының мамандарымен бірлесіп, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі тақырып төңірегінде семинарлар өткізуді тәжірибеге енгізуде.

2017 жылдан бастап баспадан жарық көретін облыстық ұйымның өз құзырында «Ұстаздық еңбек» газеті бар және аталған газеттің бетінде «Сізден сұрақ, бізден жауап» атты айдары басылып отырады. Аталған айдарға кәсіподақтың еңбек заңнамасына қатысты құқықтық сұрақтары мен жауаптарын, жаңалық тар мен Кәсіподақтың жариялап, кәсіподақ мүшелерінің назарына ұсынып отырады. Сонымен қатар, бұл газеттің веб көшірмесі әлеуметтік желілерде де жарияланып отырады және баспадан айына 2 реті жарияланып отырады.

2021 жылдан бастап Облыстық ұйымның әлеуметтік желідегі парақшалары да (Facebook, Instagram) белсенді жұмыс жасай бастады. Әлеуметтік желілер парақшасында кәсіподақ жұмысына қатысты ҚРКФ-ның, Орталық комитеттің бекіткен Ережелері, Аймақтық салалық келісім, еңбек заңнамасына қатысты сұрақ-жауап және т.б. ақпараттар жарияланған.

Атырау облыстық ұйымындағы барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары кәсіподақ оқуын өткізу тек қана филиалдар мен бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағаларымен өткізіледі. Яғни кәсіподақ барлық бағыттары бойынша (құқықтық, қаржылық, келісу комиссиясы, әлеуметтік әріптестік жөнінде) семинарлар тек осы санаттағы мүшелермен ғана ұйымдастырылады. Мысалы, бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы келісу комиссия жөніндегі семинарлардан өтіп, әрі қарай оқыған және игерген материалдарды өзінің кәсіподақ мүшелерімен жүргізуді жалғастырады.

Алайда, кәсіподақ оқуының әрі қарай жүргізілу барысы облыстық, қалалық, аудандық ұйымдар тарапынан қадағаланбауын, бастауыш ұйымдар тарапынан кәсіподақ оқуын одан әрі толыққанды жетілдіру жөнінде ақпараттың мониторингіленбеуін кемшіліктердің қатарына жатқызуға болады. Бұл жөнінде аталған ұйымдардың басшыларына ескерту айтылды.

Атырау облыстық ұйымы мен филиалдары Кәсіподақтың Орталық комитетінің бекіткен және жариялаған әдістемелік нұсқаулықтарын жинақ ретінде баспадан шығарып, тәжірибе барысында тұрақты пайдаланады. Өздерінің шығарған, бекіткен әдістемелік нұсқаулықтары жоқ.

Кәсіподақ мүшелігіне ынталандырудың бір бағыты ретінде Атырау облыстық кәсіподақ ұйымы өздерінің марапатын, Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттан басқа 2022 жылы Атқару комитетінің шешімімен «Үздік педагогикалық қызметі үшін» төсбелгісі марапатын бекіткен.

Әдістемелік-тәжірибелік көмек көрсету барысында Индер ауданындық филиалының жұмысымен таныстық. Аудандық филиал басқа да мемлекеттік органдар орналасқан ғимаратта білім беру бөлімімен бір қабаттағы қазынашы мен төраға бір кабинетте жұмыс жүргізеді. Кабинеттің кішілігінің салдарынан кәсіподақ (қаржылық, құқықтық және басқа да) құжаттары кішкентай сөреде орналасқан. Алқалы органдардың хаттамаларының да ресімделу тәртібі бір ізге салуды талап етеді.

Арыздан-шағымдану журналдары, кіріс-шығыс хаттарды тіркеу журналы Ережеге сай жасалған. Облыс көлемінде алғашқылардың бірі болып және күні бүгінге дейін аудандар арасында тек Индер аудандық филиалы ғана ІС-Бухгалтерияны 2017 жылдан бері пайдаланып келеді.

Ата кететін тағы бір жәйт, Индер аудандық филиалының Атқару комитетінің күн тәртібіне сәйкес 2021 жылы «Ш.Уәлиханов атындағы орта мектептің бастауыш кәсіподақ ұйымының іс-тәжірибесін аудандық деңгейде тарату» мәселесі өте жақсы қарастырылған. Аталған мектептің БҚҰ өте сауатты жұмыс жасайды, сонымен қатар жұмыс барысында кәсіподақтың негізгі бағыттарын қамтыған. Бұл мәселе төңірегінде іс-тәжірибені аудан көлемінде басқа да БҚҰ үлгі ретінде таратып, жұмыс барысында негізге алынсын деген Атқару комитетінің қаулысы қабылданған.

Сонымен бірге, Кәсіподақтар күні мерекесі қарсаңында кәсіподақ мүшелігі қатарынан жас ұстаздардың қатысуымен семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізуді дәстүрге айналдырған. Ақпараттық жұмысты әр филиалдың төрағасы (облыс бойынша барлық филиалдардың төрағалары өздерінің жеке аккаунттарын пайдаланады) өзінің атынан Facebook парақшасында жариялап отырады. Сонымен қатар, аудандық «Дендер» газетіне құқықтық сұрақтарды жариялап отырады.

Атқару комитетінің күн тәртібіндегі көзге түсер сұрақтардың бірі – «Индер аудандық көпсалалы ауылшаруашылық колледжінде қоғамдық бақылауды жүргізу», «Педагог қызметкерлердің жүктемелерінің нақты әрі дұрыс бөлінуін қадағалау», «Кәсіподақтағы кадрлық резерв мәселелері туралы», «Үздік есепшілер байқауын өткізу туралы» және т.б.

«Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ-не әдістемелік-тәжірибелік көмек көрсету барысында айқындалған кемшіліктерді жою жөніндегі ұсыныстар:

- Алқалы органдардың хаттамаларын ресімдеуді бір ізге салу. Бұл сұрақ бойынша Орталық комитеттің мамандары тарапынан Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағының мамандарымен тәжірибелік оқыту жұмысын жүргізеді.

- Ұйымдастырылатын кәсіподақ оқуы мен семинарларды тек қана БҚҰ басшыларымен ғана емес, сонымен қатар кәсіподақ комитетінің мүшелерімен, келісу комиссиясының мүшелерін, бақылау-тексеру комиссиясының мүшелерімен, техникалық инспекторлармен толыққанда әрі қарқынды жұмыс жүргізу қажет.

- Кәсіподақ оқуына жұмыс берушілер мен білім беру ұйымдарының бухгалтерлерін (есепшілерін) де қамтыған жөн.

- Атқару комитетінің күн тәртіптерінде кәсіподақ оқуына қатысты сұрақты жан-жақты қарастырған жөн және Орталық комитеттің мамандарын онлайн/оффлайн оқуларға қатыстыруды тәжірибеге енгізу.

**Ұйымдастыру жұмыстары бөлімі**